



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2) Қылмыстық жолға түсіп кету қаупі жайлы ескерту және құқық бұзушылық жасаған адамдардың түзелуін қамтамасыз ету;

3) Құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған адамдардың түзелуіне арналған жағдайлар қалыптастыру [7].

Мұнымен қоса, зерттеулер көрсеткендей қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмаған адамдарда жүйкелік-психикалық ауытқулар олардың заңды бұзбай, оған бағынатын құрдастарына қарағанда жиі болады. Кәмелетке толмағандардың масаңдылығымен күрес жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді қолданудағы кемшіліктердің болуы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресті жүргізуге кедергі жасайды. Мысалы, кәмелет жасына толмағандарға алкогольдік ішімдіктер сатуға тыйым салу жайлы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексінің 159-бабының 14-тармағының 1-тармақшасында, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚР заңының 9-бабының 4-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген, ал сатқаны үшін қолданылатын жаза түрі «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР кодексінің 200-бабының 1-тармағында белгіленген, бірақ әрбір жеке тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға өз саудасын жүргізу аясында бұл құқықтық актілерді қатаң сақтамайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алу үшін жүргізілетін күрестің жүйесі жалпы әлеуметтік сипаттағы, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудің, олардың өмір сүруінің, мәдениеттілігінің, білімінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың негізінде құралады. Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстылық деңгейі олармен күрестің жағдайы мен отбасы, мектеп, қоғамның кәмелетке толмағандардың өз уақытын қалай өткізуін қадағалау деңгейімен де белгілі бір мөлшерде байланысты.

Біз қарастырып отырған мәселенің, кәмелетке толмағандардың қылмыстылық деңгейін зерттеудің маңыздылығы - олардың, яғни кәмелетке толмағандардың, алдағы уақытта түзелу ықтималдығының төмен болуы салдарынан жасы үлкейген соң қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға жақын болып, рецидивті қылмыстылықтың негізгі резервін құраушы болу мүмкіндігі. Қылмыстылық деңгейін төмендету үшін болашақта қылмыстық жолға түсірмеу мақсатында кәмелетке толмағандардың тәрбиелену мен өмір сүру деңгейінің жақсаруына жағдай жасау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі
2. «Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан. Особенная часть» Борчашвили И.Ш. // стр. 317
3. «Преступность среди несовершеннолетних и ее предупреждение» Мальцева Л.В. / 2011 г. // стр. 3
4. Игошев К.Е. «Психология преступных проявлений среди молодежи». М., 2000. Стр. 238
5. «Криминологические проблемы профилактики правонарушений молодежи». - Киев, 2001. 208 с.
6. «Криминология», Кудрявцев В.Н., Эминов В.Е., - М., 2001 г. 512 стр.
7. «Криминологические и уголовно-правовые идеи борьбы с преступностью». - М., 2001. 284 с.

УДК 343.621

ЗАҢСЫЗ ТҮСІК ЖАСАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Құрманязова Камила Еркиновна

ҚР ИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
2 курс тыңдаушысы (204 оқу тобы)
Ғылыми жетекші – Жанхан Н.
(қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы)

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп жарияланған. [1] Осыған орай Қазақстан Республикасындағы барлық құқық салалары, оның ішінде қылмыстық құқықта адамды қорғауды өзінің міндеті деп санайды.

Заңсыз түсік жасату адамдарға алғашқы қауымдық құрылыс тұсында-ақ белгілі болған. Адамзат тарихының алғашқы сатыларында заңсыз түсік жазаланатын іс-әрекеттер қатарына жатқызылмайтын. Заңсыз түсік жасаудың орта ғасырлардағы тарихы христиандық дүниетаныммен тығыз байланысты.

Түсік жасау туралы деректер ерте заманнан-ақ белгілі. Ол туралы мәліметтерді Гиппократ, Ибн Синна, Аристотель мен Цицеронның еңбектерінен кездестіруге болады. Ертедегі медицина атасы Гиппократ жасанды түсік жасау, түсік тастау заңсыз деп есептеген. Гиппократ мектебінен шыққан ол кездегі дәрігерлер: “...мен ешқашан да түсік тастатуға дәрі-дәрмек қолданбаймын” деп ант берген.[2]

Түсік жасау деп заңда белгіленген тәртіппен жасанды жолмен жүктілікті бұзуды айтамыз. Түсік жасауды жүзеге асыру осындай қызметті жүзеге асыруға лицензия алған арнаулы мекемелерде жүзеге асырылады. Жүктілікті жасанды түрде жоюдың медициналық негіздерінің тізімін ҚР Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі анықтайды, ал әлеуметтік көрсеткіштердің тізімі Қазақстан Республикасы бекіткен ережелер бойынша белгіленеді. Түсікжасаудың екі түрі бар:

Біріншіден, құқыққа сай, жүктілікті жасанды түрде ұзу немесе түсік жасау – жүктілікті ұзу және жатырдағы біткен ұрықты өмірге қабілеттілік мерзіміне жеткізбей дәрі-дәрмектік немесе хирургиялық әдістерді қолдана отырып және әйелдің (занды өкілінің) жазбаша ақпараттандырылған келісімін ала отырып, жүктілікті ұзу, жатырдан ұрықты алып тастау, яғни медициналық көрсеткіштің негізінде әйелге қауіп төну кезінде заңға сай жасанды үзуді айтамыз.

Екіншіден, заңсыз түсік, яғни медициналық білімі жоқ адамның әйел мен баланың денсаулығына зиян келетінін біле тұра түсік жасауы. Заңсыз түсік жасау, науқасқа көмек көрсетпеу және қауіпті жағдайда қалдыру.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР Кодексінің 104-бабына сәйкес жүктілікті жасанды түрде ұзу құқығын жүзеге асырылатын жағдайлар:

1. Әйелдің жүктілікті жасанды түрде үзуге құқығы бар. Жүктілікті жасанды түрде үзудің алдын алу мақсатында дәрігерлер моральдық-этикалық, психологиялық және физиологиялық теріс салдарларды, ықтимал асқынуларды түсіндіруге бағытталған әңгімелер өткізуге міндетті.

2. Жүктілікті жасанды түрде ұзу әйелдің қалауы бойынша жүктіліктің он екі аптаға дейінгі мерзімінде, әлеуметтік айғақтар бойынша – жүктіліктің жиырма екі аптаға дейінгі мерзімінде, ал жүкті әйелдің және (немесе) шарананың өміріне қатер төндіретін медициналық айғақтар болған кезде (шарананың дамуы мен жай-күйінің өмірмен сыйыспайтын туа біткен кемістігі түзелмейтін монотектік генетикалық аурулар болған кезде) – жүктіліктің мерзіміне қарамастан жасалады.

3. Кәмелетке толмаған адамның жүктілікті жасанды түрде үзуі олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.

4. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда әйелдің қалауы бойынша жүктілікті жасанды түрде үзуге дейін және одан кейін, контрацепция әдістері мен құралдарын жеке іріктеуді қоса алғанда, медициналық-әлеуметтік консультация өткізіледі.

5. Жүктілікті жасанды түрде үзудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган бекітеді. [3]

Түсік жасаудың қауіптілігі жоғарыда көрсетілген әрекеттерді тиісті білімі және құралы жоқ, талапты қанағаттандырмайтын тұлғаның жасауы. Мексика, Бангладеш, Индонезия елдерінде түсік жасауға заңмен тыйым салынған. Осы елдерде заңсыз қылмыс жасаған жасатқан әйел қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болған.

Заңсыз түсік жасау орын алған жағдайда қылмыстың объектісі - әйелдердің өмірі және денсаулығы.

Объективтік жағынан қылмыс тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі жоқ адамның түсік жасауы арқылы сараланады. Заң бойынша түсікті жоғары медициналық білімі бар хирург-гинеколог, акушер-гинеколог жүзеге асырады. Егер түсікті жоғары медициналық білімі бар терапевт, невропатолог, медбике, фельдшер т.б. жасаса, онда олар осы қылмысты істегені үшін жауапты болады. Мұндай адамдар үшін тек қана аса қажеттілік жағдайында немесе орынды тәуекел ету арқылы әйелдің өмірін сақтап қалу мақсатымен жүзеге асырылған түсік жасау үшін ғана қылмыстық жауаптылық орын алмайды.

Субъективтік жағынан қылмыс тек тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам өзінде тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі жоқ екенін және осыған байланысты түсік жасауға құқығы жоқ екенін сезеді, бірақ та соны тілеп әрекет етеді. Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен және әр түрлі ниеттермен: пайдакүнемдік (ақша немесе материалдық игіліктер), тұрмысқа шықпаған немесе некесіз жағдайда пайда болған жүктіліктен арылуды өтінген әйелге аяушылық білдіру. Қылмыстың субъектісі – жалпы, 16-ға толған тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі жоқ адамдар. Қылмыс заңсыз аборт жасаған уақыттан бастап аяқталған деп табылады. Қылмыстың субъектісі – жалпы, 16-ға толған тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі жоқ адамдар.

Егер түсік жасау емдеу мекемесінен тысқары жерде жүзеге асырылса (аса қажеттілік жағдайларынан басқа) аборт жасалатын әйел ауру болса немесе медициналық, әлеуметтік көрсеткіштер бойынша оған түсік жасауға негіз болмаса, бұрынғы жасалған түсіктен соң 6 ай мерзім өтпесе, түсік заңсыз жасалған деп танылады.

Қылмыс заңсыз түсік жасаған уақыттан бастап аяқталған деп табылады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүктілікті жасанды түрде үзу әлеуметтік айғақтар көрсеткен:

1. Жүктілік кезінде зайыбының қайтыс болуы
2. Зорлаудан кейінгі жүктілік
3. Ата-аналық құқықтарынан айырылған (сот шешімімен) ерлі-зайыптылар
4. Әйел босқын мәртебесінде болса немесе көшіп келуге мәжбүр болған
5. Отбасында мүгедек бала болса
6. Әйел заңды түрде некеде тұрмаса немесе неке жасына жетпеген болса. [4]

Жыл сайын елімізде 300 мыңға жуық жасанды түсік жасалады екен. Бұл — жүз пайыз туу көрсеткішінің 80 пайызы деген сөз. Жан ауыртарлық жағдай емес пе бұл? Ашсы да болса, шындық: ұлт болашағы азғынданып барады. Себебі, баланы алдырту көп жағдайда жасөспірімдерге тән. Мектеп оқушысы — бала. Дегенмен, әсіресе, жоғары сынып оқушыларының бәрінің бірдей бойынан балалық байқалмайды: ерте есейіп кеткен. Мамандардың айтуынша, жасанды түсік жасатушылардың жас шамасы 14 жастан басталады, тіпті 12 жастағы оқушылардың да кездесетіндігін айтады. Ең басты өкініш, міне — осы. ... Бала бойға біткен сәттен бастап ол — тірі жан иесі. Құрсақта жыбырлап, қозғала бастайды. Мамандардың айтуынша, денеге біткен шарана операция кезінде жанталасып пышақтан қашады екен. Операция құралдарынан жиіркеніп, тітіркеніп тар жатырдың ішінде жан ұшыра қашқанын көруге болады. Осының өзі адам жүрегіне қатты бататын қайғылы жағдай. Бала алдыртқандар сәбиді өлтіргенімен қоймай, Аллаһтың адамға берген үлкен сыйы — денсаулығына да қиянат жасайды. Сондықтан, жасанды түсік жасатуға қазірден бастап заң бойынша тыйым салмасақ, ұлтқа қауіп төнеді. Ар тазалығы деген бар. Біздің келешегіміз осы құндылықтан ада болып жатқан жоқ па? Ал арын былғаған қызға қандай үміт артуға болады? Олар ертеңгі ұлт болашағын қалай тәрбиелейді? «Ыстық сүтке аузы күйген салқын суды да үрлеп ішеді» деген бар. Алайда мұндай сақтықты адами құндылықтардан айырылған

пенденің ойлай қоюы екіталай. Мамандар түсік жасату ұлттың басына түскен трагедия ғана емес, әйелдердің денсаулығына зардабын тигізер басты дерт екенін айтып, дабыл қағуда. «Здоровая Азия» қоғамдық қоры ел арасында арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстанның 12 облысындағы 57 мыңға жуық әйелдің 78 пайызы жасанды түсікке бой алдырады екен. Шаранадан құтылуға түрлі себептер итермелейді. «Жасанды түсікке барудағы басты себеп не?» дегенде әйелдердің 58 пайызы баланың туылуына күйеулері қарсы болғанын айтты. Ал екінші себеп - балаларды жетілдіруге қаражаттың жетіспеушілігі болса, үшіншіден, әйелдер өздерін әлеуметтік тұрғыда қорғалмағанын алға тартады» .. Әйелдердің репродуктивті денсаулығы да көңіл көншітпейді. Репродуктивті денсаулық индексі әр облыста 12 мен 30,8 пайыздың аралығында. Ал Алматыда жеткіншек қыздардың 47 пайызының бала туу қабілеті төмен. Оның үстіне, ойнап жүріп, от басқан жеткіншектер қиындықты оңай жолмен шешу үшін әрқилы тәсілдерді пайдаланатынын да жасырмайды [5].

Ертеден түсік жасатудың соңы бедеулікке бастайтыны тағы белгілі. Осыдан екі жыл бұрын ел қалаулылары түсік жасатуды заңмен шектеу қажеттігін баса айтқан болатын. Алайда Мәжіліс депутаттарының үні алысқа бармады. Заң бойынша жүктіліктің 12 аптасына дейін тегін түсік жасатылады. Болашақ ананың денсаулығында белгілі бір ақаулықтар болған жағдайда түсік жасатуға рұқсат берілетіні түсінікті жайт. Алайда бүгінде еліміздегі жекеменшік медициналық орталықтарда да түсік жасату қызметі көрсетіледі екен. Әрине, жекеменшік мекеме болған соң, қызмет ақылы. Біз бір деректерге жүгінсек, мұндай мекемелерде түсік жасату құны - 25-50 мың теңгенің айналасында. Сондай-ақ мемлекет тарапынан ана капиталын ұлғайту қажет. «Бұл тұрғыда ана капиталы маңызды. Парламентте бұл мәселенің немқұрайлы айтылғаны өкінішті. Парламент жаңадан туылған әрбір сәбиге ана капиталын төлеу керек. Егер ана капиталы қолға алынса, әйелдер қауымы түсіктен бас тартар еді.. Әрине, келіншектердің мәселесін ана капиталын дамыту арқылы шешуге болар. Әйтсе де, ерте жастан қағынып, бойындағы шаранадан құтылған қыздарға қандай шара қолдануға болады?

Жасанды түсік жасатуға заң бойынша тыйым салатын мезгіл жетті. Бұдан әрі созуға болмайды. Себебі, ауру асқынып барады. Ал асқынған дертке дауа жоқ. Тыйым салуға байланысты қоғамдағы адамдардың әртүрлі пікірде болуының өзі осы — аурудың асқынып бара жатқанының көрінісі. Әйтпесе, кертартпаушылықтар болмауы керек-ті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұдан 5-6 жыл бұрын жасанды түсік жасатуға халық қарсы болса, өзі де қолдау білдіріп, осыған қатысты үкім шығаратындығын айтқан еді. Расында, жасанды түсікке тыйым салмасак, қазақтың саны өспейді.

Мұсылмандары басым ел біз түгілі, Португалия мен Польша сынды католик елдер алғашқылардың бірі болып түсік жасатуға тыйым салды. Мұның бәрі сайып келгенде, аталған мемлекеттер азаматтарын қорғауды жан-жақты қарастырады.

Деректерге сүйенсек, біздің елде жасанды түсік жасаушылардың дені — жас қыздар. Мұның себебін дәрігерлер түрліше түсіндіреді. Ал ең бастысы, осы бақытсыздықтары үшін көп әйелдің өздері кінәлі: көбіне бірінші шарананы алдыртып тастағандар балалы бола алмайды. Аяғы ауыр болып қалған қыз некесіз балалы болуды ар санайды. Қызының екіқабат екенін анасы білсе, ұят деп түсінеді. Екі жақ та дереу баладан құтылудың қамын жасайды. Мұндай әрекетке бастайтын — төмен түсінік, сананың жоқтығы, рухтың жұтандығы. Себебі, шын аршыл ұятты арсыздыққа бармастан бұрын ойлайды. Арды аттағаннан кейінгі «қысылу» — жалған намыс. Сол себепті, некесіз туылатын бала болса да, бейкүнә, періштенің жарық дүниеге келуіне қысастық жасамау керек. Әкесі немесе шешесінің ағаттығы үшін, бәлкім ортаның ортақ кінәсі үшін ең әлсіз, ең қорғансыз жан жазаланбауы тиіс. Сондықтан, әсіресе, бірінші баланы алдыртуға жол бермеуіміз керек. Біздің ойымызша ҚР ҚК 366,367,368 баптарында көзделген пара алушыда пара бершіде паракорлыққа делдал болушыда жауапкершілікке тартылатындығы сияқты заңсыз түсік жасаған дәрігерде және заңсыз түсік жасатқан әйелдерді де жауапкершілікке тарту қажет. Себебі заңсыз түсік жасатушылар дәрігерлерге сыйақы, ақша беру арқылы заңсыз түсік жасауға итермелейді, бұл дегеніміз пара беру мен бірдей, және де дәрігермен түсік жасатушы

әйел арасындағы делдал болышыныда қылмыстық жауптылыққа тарту қажет. Сонымен қатар түрлі эротикалық бейнелерде түсірілген бейнероликтардың ашықтан – ашық көрсетілуіне тыйым салу керек. Сонымен қоса жасанды түсік жасатудың алдын алу үшін түсік жасатуға бел буған азаматшалармен моральдық-этикалық және физиологиялық жұмыс жасайтын психолог және гинеколог мамандардың санын көбейту және біліктілігін арттыру керек. . Мұхтар Әуезовтың керемет нақыл сөзі бар: «Халқым, ел боламын десең, мешеу болып қалмайын десең, бесігіңді түзе» деген. Сондықтан ел болып қыз балалардың тәрбиесіне баса назар аудару қажет.

Қасиетті Құран Кәрімде («Шура» сүресі, 49-50): «Алла қалаған пендесіне қыз береді, қалаған пендесіне ұл береді. Қалаған пендесіне ұлды да, қызды да нәсіп етеді. Сондай-ақ қалаған пендесін бедеу қылады» деп айтылған. Яғни, бала сүю - Алланың сыйы. Тағы да Қасиетті Құран Кәрімнен мысал келтірейін: «Расында біз адамды нағыз балшықтан жараттық. Содан кейін оны жатырда тұратын тамшы су қылдық. Сол тамшыдан ұйыған қан жасадық. Ұйыған қаннан кесек ет жасап, кесек еттен сүйек жасадық та, сүйектерге етті қаптадық. Сонан кейін оны басқа бір жаратылыс қылып, жан салдық. Алла шебер жаратушы», - деген аят бар. Ислам ғұламалары осы аятқа берген түсініктемесі бойынша, 120 күннен кейін жан беріледі. Бір ғана жағдайда баланы алу харам болмайды. Егер баланы босану әйелдің өміріне айтарлықтай қауіп төндірілетін болса, онда да 120 күнге дейін алынуы тиіс. Одан кейінгісі, яғни жан берілгеннен кейін - адам өлтірумен тең болады. Ал ислам дінінде адам өлтіру кешірілмес күнә. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: «Алладан қорқыңдар және перзенттеріңнің бәріне бірдей мейірбан болыңдар!» делінген. Және пайғамбарымыз: «Неке қидырып үйленіңдер, перзентті болып көбейіңдер. Әрине, мен сендердің көптіктеріңді қиямет күні басқа үмбетімнің алдында мақтаныш етемін» деп өсиет еткен[6].

Қорыта айтқанда, ислам діні жасанды түсік жасатуға түбегейлі қарсы. Дін өкілдері түсік жасатуға келген болашақ аналар арнайы мамандар мен имамның кеңесінен өтуін міндеттеу керек деген пікірде. Сондай-ақ мемлекет тарапынан ана капиталын ұлғайту қажет. Сонымен қатар «жастар мен жасөспірімдер арасында тәрбие жұмысын нығайту керек» дейді дін өкілдері. Бүгінде әлемнің бірнеше елдерінде түсік жасауға тыйым салынған. Мұндай қадамға барғандарға үкім кесіп, заңмен қудалайды. Ал, біздің елімізде түсік жасатып, адам өлтіруге барлық жағдай жасалған. Бағасы да қолжетімді. Қалтаны қақпайды. Оларға, әрине, қазақтың қамы емес, қалтаның қоңы маңызды. Бірақ амал не? Кінәні "бұлақтың басынан" іздеген жөн сияқты. Нәтижесінде ұлтымыздың болашағына қауіп төніп, талай қаракөздеріміз қу тізесін құшақтап жүр. Болашақ аналарымыз құрсақтағы құйтақандай жан иесіне ғана емес, бүкіл ұлтқа қауіпті екенін түсінсе екен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: 2013.
2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. – Алматы 2014
4. Жүктілікті жасанды түрде ұзу ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрдің м.а. 2009 жылғы 30 қазандағы N 626 Бұйрығы.
5. «Здоровая Азия» қоғамдық қорының есебі 2014 жыл
6. Өркениет газеті 2012жыл 15 қараша

УДК 343.25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЛІМ ЖАЗАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қырғызбай Мерей Серікбайұлы